

84 Қаз7  
Ы 88



Марат Үісқақов

# ШОКЫРДАРЫ КОДИНЕК

**Марат Үсқақов**

**ШАҚЫРАДЫ  
КӨНЖИЕҚ**

**Өлеңдер мен поэма**

**АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1982**

**Қаз 2**  
**Ы 88**

**Ысқақов Марат**  
**Ы 88** Шақырады көкжиек: Өлеңдер мен  
поэма.— Алматы: Жалын, 1982.— 80 бет.

Марат Ысқақовтың бұл жинағына соңғы жылдары  
жазған әр алуан тақырыптағы жаңа өлеңдері мен Ұлы  
Отан соғысы жылдарындағы тылдағы еңбек жайлары жа-  
зылған «Ер-Ана» атты поэмасы енгізілді. Ақын өлең-  
дерінде де, поэмасында да туған ел азаматтарының ба-  
тырлығын, ерлік ісін паш етеді.

**Қаз 2**

И  $\frac{70403-44}{408(05)82}$  168—82—4702230200

(C) «Жалын» баспасы, 1982.

## **СҰЛУЛЫҚҚА ҚҰШТАР ЖҮРЕК**

Онының класты бітіргелі тұрған балаң шәкіртті кабинетіне шақыртып алған мектеп директоры өз қолымен жаңа ғана жазып болған мінездемені оқып шықты да:

— Марат, мен сенің көркем әдебиетке бейім екениңді әдейі атап көрсеттім. Түбінде жазушы не ақын болатыныңа кәміл сенемін, — деді. Шәкірт жаңын терең барлай білетін сұңғыла ұстаз қателеспепті. Соның айқын айғағындаи біз бүгін ақын Маратпен кездесіп отырмыз.

Марат Ысқақов әдебиетке өз ерекшелігімен келді. Журналист ретінде қалам тартудан басталған творчестволық жолда ол ешқашан асырып, аптыққан жоқ. Жыр жолындағы болашақ сапарына аса жауапкершілікпен, талғампаздықпен қадам басты. Кейбіреулердей бір қайнауы ішіндегі шикілі-пісілі дүниелерді баспаға ұсынудан аулақ болды. Поэзияны шын мәніндегі ой сұлулығы, тіл шеберлігінің құдіреті деп үққан қаламгер мейлінше аз жазды, бірақ көркем қып жазды.

Тұрды менің алдында неше міндет,  
Сан түйінді сарылдым шешемін деп.  
Өлең-сөздің есігін аштым, міне,  
Қатарымнан едәуір кешеуілдеп,—

деп қызулы да думанды еңбек майданына етene араласып, өмірдің өзінен үйрене жүріп шабытын шыңдал, қаламын ұштап алған Марат соңғы бес-алты жыл ішінде жыр дариясына құлашын еркін сермей келді.

М. Ысқақовтың бұдан бұрын жарық көрген «Сағыныш саздары», «Дарқан көңіл» атты өлеңдер жинақтары ақынның өзіндік творчестволық жолын тап басқанын анық аңғартады. Оның қай тақырыпқа жазылған өлеңдерін алсақ та оларда өткір ойлылық, көркем образдылық, сергек сезімталдық жатады. Ақын қаламының талмай өрнектейтін аса құштар нәрсесі — адам табиғаты...

Ылғи менің көңілімде үміт түнеп,  
Сыртқа теуіп жүремін күдікті көп.  
Адам айқын жаралған, тек сонымен  
Ол өмірде жылапты, күліпті деп.

Автор осылайша адам бойындағы ізгі қасиеттердің бәрін философиялық түрғыдағы ойлау жүйесіне арқау етеді.

М. Ысқақовтың жыр жинақтарындағы «Тұған жердің төсінде», «Есік әуендері», «Қапал көріністері», «Жақсылық — жан серігім», «Ақын жүрек арманышыл» топтамалары мен «Қанды қаза», «Саранжап», «Сұлулық туралы» балладалары, «Нұржаяудағы байтерек» атты толғауы бүгінгі жыр сүйгіш оқырман қауымды сүйсіндіре алатын, ақынның алпысыншы жылдары әдебиетке өзімен бірге келген қаламдастарымен бой түзесіп, қанаттасып қалғанын байқататын туындылар.

М. Ысқақовтың осы жинаққа еніп отырған «Ер-Ана» атты поэмасы — авторлық эпикалық кең көлемде жазған тұңғыш шығармасы. Эйтсе де ақын бұл туындыда жыр жарысында көсіле шабуға әжептәуір дайындықпен келгенін көрсетіп отыр. Поэманиң айқын штрихтармен жатық мүсінделген. Ақын Әдемі, Абзал сияқты ауыл азаматтарының образдары арқылы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарындағы совет адамдарының

шынайы патриотизмін, коммунистік санаалылығын, қай-  
сар батырлышын шабыттана жырга қосқан.

Биыл елудің табалдырығынан аттаған М. Ысқақов драматургия мен театр сыны саласында да өз күшін батыл барлау жұмысына бағыттап жүр. Оның пьесалары облыстық және халық театрларының сахналарында.

Елу жасқа әркім әр қылыш жолмен, әр түрлі творчестволық мүмкіндікпен келеді. Марат бұл жасқа белгілі тәжірибе жинақтаған өмірге, оның ғажайып, сұлулығына аса құштар ақындық шабыты едәуір кемелденген шағында жетті.

Демесем де түгел парыз өтелген,  
Дем-тыныстан жан едім мен от өрген.  
Ассалаумағалейкүм,  
Ақ отауым,  
Елде жүріп елуімде көтерген! —

деп, өзің иіле сәлем беріп енген жыр өлкесіндеғі саяжайың сэтті болсын, ақын інім!

ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВ

## ШАҚЫРАДЫ КӨКЖИЕК

Құлімдейді көкжиек қолын бұлғап,  
Көкейімді тербейді қонымды ырғак.  
Көмкеріпті көз тартар нүр-көрікпен  
Құн аунаған бектердің жонын гүл-бак.

Шақырады сол жерге асықтырып,  
Құн құшағын айқара ашып тұрып.  
Жадыраған жанардың үшқынымен  
Пернелерін сезімнің басып тұрып.

Көкжиектен көз алмай қарай берем,  
Жүргегімнен толқынды тарайды өлең,  
Кең аспанның жаасты желегіндей  
Шалқып жатқан сәулелі арай көрем.

Сол араймен — аңсаған арманымдай,  
Алтын күннің алаулы тармағындай.  
Ақыл, өнер жаңарып, түлеп жатыр,  
Әсем гүлдер бүршігін жарғанындай.

Көз жеткізбес кең көлем көкжиегім,  
Қисыныңдай жымдақсан көп жүйенің.  
Соның бәрін жаңғыртқан адам қолы  
Құдіретін білмеймін өзге иенің.

**Толған мақсат — көкжиек — толған талап,  
Бәрі-бәрі жатады содан тарап:  
Ойымды да өсірем соған қарап,  
Бойымды да өсірем соған қарап.**

**Сөз сейлейді мұраттар биқтердеи,  
Бақыт, ырыс өлкеме үйіп берген.  
Сол мұраттың жүзеге асырам деп,  
Бірге жасап келемін сүйікті елмен.**

**Мен — төркіні емеспін осалыңның,  
Көкжиектің көркіне қосарым мың.  
Болашағын күн сайын көрем содан  
Ұлы Отан мен кішкене ошағымның.**

\* \* \*

**Кезегімен тағы бір жыл келеді,  
Кайран уақыт не деген журдек еді.  
Біреулердің бекуде шаңырағы,  
Солқылдайды біреудің іргелері.**

**Жыл келеді сүмбіл сырғалымдай,  
Жаңың еркін саялар гүл бағындай.  
Әуеніндей әніңің айтылмаған,  
Жазылмаған жырыңың ырғағындай.**

**Бар бақыттың жердегі салмағындай,  
Куанбасқа болмайды барға мұндай.  
Құшқың келіп тұрады Жаңа жылды  
Сарғаю мен ансаған арманыңдай.**

## ДАНҚ ЕСКЕРТКІШІ

Кел жақында, танысалық дегендей,  
Ескерткіш тұр еңселі зор емендей.  
Ерте болсын, күндіз болсын, кеш болсын,  
Ел көзіне қалмайды ол еленбей.

Ескерткіш тұр сырлар шертіп өткеннен,  
Шежіредей асулады көп көрген.  
Аппақ мәлдір нұр сыйласа күн көзі,  
Қызыл-жасыл гүл жамылар көктемнен.

Бұл ескерткіш — ерлік істің ұраны,  
Жас үрпақтың аузындағы жыр-әні.  
Тебесінен кете алмай жүр қалықтап,  
Тамашалай таудың алып қыраны.

Осы бір жер тым ардақты көрінген,  
Соған ариап жүрекten жыр өрілген.  
Осы жерге келген сайын сеземін,  
Ең бір асыл қасиеттің төрін мен.

Тас мұсіннен ескендей бір сыршыл леп,  
Естіледі жүрек үні дүрсілден.  
Жаңын қиған сол жүректі батырлар,  
Мені бүгін бақытты бол жүрсін деп.

Сол данқты балалардың атынан,  
Сол ер жүрек ағалардың атынан.  
Келген сайын ескерткіштің жанына  
Батырлықтың сырын шертіп отырам.

## МЕКТЕП. ҰСТАЗ

Мектеп,  
Ұстаз — көтерген қос қанатым,  
Қанаттыдан биқтер жасқанатын.  
Бүгін мынау білімдар дүниеде  
Сан бәйгеден келеді қосқан атым.

Өнер-білім — ғіздей бір көктеген,  
Мектеп,  
Ұстаз — алдында нұрлы откел ең.  
Сол үшін де сіздерге,  
Мың мәртебе  
Бас иемін ізетпен, құрметпенен.

## МИНУТ

Тұрса да әр сәт жандырып,  
Жүректің отын ақ шамдай.  
Минутпен бірге мәңгілік  
Тірлігің кетіп жатқандай.

Уақыт шын таяқ жегізіп,  
Алады өшін төзімнен.  
Сол үшін минут —  
егізің,  
Өлетін бірге өзіңмен.

Әр минут —  
өткен сыршыл леп,  
Ұқпаста оны жоқ қайғы.  
Жүрекпен бірге дұрсілдеп,  
Жүреклен бірге ол тоқтайды.

\* \* \*

Кіріспей жеделдетіп жыр қамына,  
Ызамын кейде бейқам тұрғаным.  
Бұл күнде өмір көші тым екпінді  
Өзгерген әр минуттың ыргағы да.

Тастаймыз қысқа уақытта қала салып  
Ұшамыз көк төрінде жанаса бұлт.  
Бір кезде арман болған биіктіктер  
Бұл күнде қалды мұлде алласарып.

Ражайып біздің қуат ерен бүгін,  
Арқалап кете аламыз әлем жүгін.  
Көрініп жатыр, әне, тап-тайыз бол.  
Бір кезде түпсіз деген терендігің.

Кім білген іске мұнша ұсталықты,  
Бойында тасқындаиды күш халықтың.  
Бір кезде жеткізбейтін ұзақ жолдар  
Үзілген арқандай бол қысқарыпты.

Адымдар айшылықты алты аттайды,  
Ешкім де еңбек етпей мал таппайды.  
Бұл күнде адам біткен уақытқа емес,  
Уақыт адамдарға жалтақтайды.

Осылай болды менің мысым басым,  
Уақыт өзі қолын ұсынғасын.  
Белгілі енді талай жарыстарда  
Ентігіп қындықтан қысылмасым.

## КӨНІЛ АЙТУ

Солған гүлдей сарғайма уайыммен,  
Құрисың ғой тап мынау сыңайынмен.  
Тыя қөрші, достым-ау, көз жасынды  
Сенің үшін еңіреп жылайын мен.

Шараң бар ма ажалға тете келген,  
Кеменгер де, қимас та өтеді елден.  
Еңсе басқан қайғынды  
Бір сен үшін  
Артыш маган,  
Мыңқ етпей көтерем мен.

## САҒЫНЫШ

Дұманы жаздың тарады,  
Мұнартты тау, маң, салқын тұз.  
Қаздар да қайтып барады,  
Барады-ау өтіп алтын күз.

Мұнды бір салмақ батқандай,  
Жанымның мынау күйін ұқ.  
Сағынышым келе жатқандай  
Сары ала көйлек киініп.

Сергідім ширап әудемде,  
Салқын жел жуып бетімді.  
Сағыныш қысқан кеудемде  
Самал-жыр туған секілді.

Өлеңнеи алау жағатын,  
Тынымсыз ойым іздейді от.  
Келсенші,  
Шабыт — қанатым,  
Болдиондағы күздей бол.

\* \* \*

Ақын — қыран, одан төрді қызғанбаң,  
Қыран қонған тұғырда өшпес із қалған.  
Қыран болсаң қалықтайсың биқте,  
Сескенбейсің қауіп-қатер құздардан.

Ақын болсаң — шық төріме, жасқанба,  
Кол ұстасып бірге өрлейік аскарға.  
Шын жүректен жарып шыққан жыр жолын,  
Кашап тұрып қалдырайық тастарда.

Төр сенікі ақын болсаң дарынды-ақ,  
Шын дарынмен жыр қамалы алынбақ.  
Ақын сөзі мәңгі сөнбей тұрады,  
Жыр сүйетін жүректерде жалындал.

### ПУШКИНГЕ

Жүрегім алып-ұшып дүрсілдеді,  
Еседі-ау асау жырдың сыршыл лебі.  
Киелі сөз зергері, ұлы Пушкин,  
Өлеңге құштар қылыш жүрсің мені.

Төге бер алтын зерлі арайынды,  
Көз алмай шұғыласына қарайын бір.  
Тербеттің жыр-бесікте ұрпағынды,  
Тұлеттің менің ақын Абайымды.

Өшаейтін ғасырларға жыр арнаған,  
Мәңгілік бақ тұғырдан құлар ма адам.  
Бар тілде өзің бүгін сөйлемдің де,  
Сан жүрек сузынады бір арнадан.

## ШАБЫТ

Шын шабыт деген кеудеде жанған шамшырак.  
Мұлгіген шақта оятатұғын қамшылап.  
Шабытың барда қайратың судай тасиды,  
Қайратың барда кетесің жауды жаншып-ақ.

Сол шабытпенен қанатың сенің қомданар,  
Сәт туар сонда қаламды жүйрік қолға алар.  
Шабытты ойлар қырандай биік қалықтар,  
Шабытты ақын теңіздей терең толғанар.

Толғанған шақта  
Жақсыны іздеп тірліктен,  
Кетемін кейде тым терендерге сұңгіп мен.  
Қанатты ойдан туады ылғи асыл сөз,  
Ал асыл сөзден  
Өріледі ғой жыр біткен.

\* \* \*

Бір ғажап болашақты армандаймын,  
Қонғандай бағы болып бар мандайдың.  
Құндікке мәртебе де, атақ та бар,  
Мен оның біріне де алданбаймын.

Тер төгіп шықсам деймін биіктерге,  
Орынсыз таласпаймын биік төрге.  
Қол созған арманымның ең асылы  
Есепсіз еңбек ету сүйікті елге.

\* \* \*

Сен жоқта күңгірт тартар күнім менін,  
Сен барда күн бол өзім күлімдедім.  
Куаныш құшағында шырқағанда,  
Болмайды тамылжыған үнімде мін

Сен барда көз жетпесті көремін мен,  
Көркем ән кеудем менің өреді үннен  
Көңілдің акқу, қазы бауырын төсеп,  
Жүзетін кел тұрғызам өлеңімнен.

\* \* \*

Ашқан сайын қат-қабат қыртыстарын,  
Бұл өмірге артумен жүр құштарым.  
Сеземісің, замандас,  
Он бойымда —  
Дүр сілкінген дүмпулі бір күш барын.

Уақыт солай қойғандай сілкіндіріп,  
Көшіп жатыр төбемнен бұлтым күліп.  
Қыран қанат алғыр ой қас қаққанша.  
Әкетеді қуланған тұлкінді іліп.

Батыл қадам өнеге тұтады алға,  
Тосқауыл сал дәрменсіз жұтағанға.  
Көлеңкелер кіретін тесік таппай,  
Тығылады амалсыз бұталарға.

Соны қызып күнгейде жарық қалған.  
Сәулесімен жүректе жаныпты арман.  
Сол арманым жарқырап жұлдызымдай,  
Баар жолым, бағыттым анықтаған.

## АЛТЫН ҰЯМ

Тасып ағып тау қопарған селің де,  
Жүректерді жалған тұрған сенім де,  
Бәрі, бәрі — табылады іздесен  
Алақандай ошағымнан мениң де.

Гүл сымбатты сұлу да бар үйімде,  
Адалдық та тап сол мәлдір күйінде.  
Сөрелерде еңселерін түзеп тұр  
Әлем ойы құлақ тұрген түйіндер.

Бұл сырымды кате демес көргендер,  
Кермегендер, кош келдіндер, төрлеңдер?  
Пушкинменен, Байронменен тілдесіп,  
Отырайық бір азырак бөлмемде.

Өнер де бар өріс іздең талпынған,  
Жылылық бар қоргайтұғын салқыннан.  
Шағын ұям жап-жапырақ бол тұрады,  
Махаббатпен алаулаған жалқыннан.

Бір баламиң қөздерінен күн күлген,  
Жыр арқауын содан тауып жүрмін мен.  
Ал біреуі музыка тым құмар  
Глинка бол шыға ма элде кім білген.

Мен соларды әке болып сүйіппін,  
Шын бақыттың мағынасын жіңі ұқтым.  
Сол бақыттың баспалдағы көтерді  
Өр шынына көңіл деген биіктің.

Достар келіп сыр шертеді әр қыны,  
Жүректерде ыстық сезім балқиды.

Есігімнен шалқар теңіз енгендей.  
Көңіл біткен ак айдын боп шалқиды.

Тірлігіме осылай нұр тарады,  
Еш күмәнсіз осылай боп қалары.  
Сұлулықтың сыр-сандығын арқалап,  
Өмірімнің өзі өлең бол барады.

### АТА МҰРАТЫ

Шалқып-тасып бүгін мен мақтанайын,  
Алдың өзің бір сыннан актап, Айым,  
Сен есейсін деп іште сақтап жүрген  
Жан сырымды жасырмай актарайын.

Ұялаған парасат, көркіне күн,  
Өзімізге ең жақын төркін етіп.  
Қоюшы едік жапсырып альбомыңа  
Маркстың үш қызының портретін.

Соларға көңіліміз құлаған мың,  
Табылған жауабындай сұрағанның.  
Біздің де өссін дедік аяулымыз  
Қызындай даңқты бол ұлы адамның.

Жылдар өтті,  
Бітірдің мектебінді,  
Әпергендей болдың сен көкте күнді.  
Мен дәрігер боламын, әке, дедің,  
Сонда еске алым басымнан өткенімді.

Менің әкем —  
Атаң ғой ардақтаған,  
Дәрігер-тін есімін ел мақтаған.  
«Осы балам жолымды қуады», — деп,  
Салушы еді о бастан салмақ маған.

Шыгады деп өзіме балам ұқсап,  
Куанумен жүретін тарамыс қарт.  
Ал мен болсам —  
Қызықтап сөз өнерін  
Журналист бол кеткен ем қалам ұстап.

Борышты бол осылай қала бердім,  
Әке болып өзім де бала көрдім.  
Мединститутқа шәкірт бол түскенде сен  
Мәңгі маған қуаныш ала келдің.

Енді отырмын той қылып, тамашалап,  
Үш үрпаққа мынау сый жарасады-ақ  
Бір парызым бар еді ар алдында  
Алдың содан бір жола арашалап.

Осы сырды жыр етіп төккендеймін,  
Сен арқылы арманға жеткендеймін.  
Ақ халатын әкемнің өзім киіп,  
Дәрігер бол кәдімгі кеткендеймін.

## СЕНИМ

Гүлімсің жарып шыққан жүрегімнен,  
Тұңышым — шаңырағыма күле кірген.  
Мен саған шуағымның бердім бәрін  
Шын бақыт тапса екен деп бұл өмірден.

Айтайын ұстазың бол кеңес бірден,  
Көзі жоқ кеменгердің сөзі ескірген.  
Маршалы поэзия — Маяковский  
Қаламды найзаменен теңестірген.

Сенде де ой тусын ұлken толғаныспен,  
Білжүртқа! Байыр Айен қолғабыс бер.

Ильичтің есінде ғой анкетада  
Жазғаны — мамандығым журналист деп.

Сен бүгін сол саптағы қаламгерсің;  
Өмірден өз орнымы табам дерсің.  
Әкелік жүрегіммен тілейтінім, —  
Білікті мен жетпеген саған берсін.

Арналсын бар өмірің сүйікті елге,  
Еңбектен,  
кәсібінді сүйіп, терле.

Шалдықпай шығады деп сенем саған  
Бір кезде мен алқынған биқтерге.

\* \* \*

Коштасқанда қызыл құмды Нарыммен,  
Киналамын коштасқандай жарыммен.  
Құмды оиласам еске түсер бала кез:  
Бурыл атым,  
Қызыл сиыр,  
Кара інген.

Құм — Кошалак, Дыңғызыл мен Ұштаған,  
Атамекен жаз жайлап, қыс қыстаған,  
Осы жерде ұстаз көріп, хат танып,  
Каламды да қолымға алғаш ұстағам.

Үйстық маған қырда көшкен құмдарым,  
Өле-өлгенище құмбір күйі тыңдарым.  
Тал бесікте тербедің ғой,  
Туған жер,  
Өмір бойы келер сені жырлағым.

Жауға қарсы бес қаруын асыған,  
Атқай оғын Еділ — Жайық асырған,  
Ер бабалар енер, қайрат көрсеткен,  
Құмды ауылда тұледім мен жасынан.

Койдай иіріп жағаға ұсақ тасын,  
Теңіз тулар дауылдан күш ап басым,  
Ғашықтардай суымас туған жерде  
Құм мен Теңіз жатады құшактасып.

Ауылым бар айтулы Теңіз деген,  
Табар содан сағынып мені іздеген.  
Шынымды айтсам осы бір сұлулыққа  
Иықтасар ешқайдан тең іздемен.

Үйреніп ем бойлауды терендіктен,  
Терендікке құмар гой өлең біткен.  
Теңіз — анам,  
Теруді маржандарын  
Құм-жағада тұлеген менен құткен.

Көрінер деп алдағы биқтерден,  
Аманатты туған жер үйіп берген.  
Сол сенімді актауды мұрат тұтам  
Алғыс алып өтсем деп сүйікті елден.

## ДОСҚА ТІЛЕҚ

Шөл қандырар сусындай баптап ішкен,  
Достар жайлы айтқан жөн мақтанышпен.  
Ең жақсысын алғыстың арнау қерек  
Шыққан жаңга сенімді актаң іспен.

Откен істер сыйланты даңқ-тұғыр,  
Талай көктем алдынан жарыпты гүл.  
Досқа деген адалдық белгісіндей  
Жолдарында сен жүрген жаныпты нұр.

Колын бұлғап болашақ алғы асқардан,  
Жүрегінде жалынды жалғасты арман

Достарыңа дарқан бол кең жайлаудай,  
Дүшпаныңа өткір бол алдаспанин.

Биік щыңға ту тігер талабы мың,  
Өрісі кең қашанды саналының.  
Сіңіре тұс тоятызың өн бойыңа  
Ұлылығың халықтың, даналығың.

Оза берсін талабың алға аттаған,  
«Ел мақтаған жігіт бол, қыз жақтаған».  
Сүйікті бол жол тапқан жүректерге,  
Иықты бол барша жұрт ардақтаған.

## ЖЕНГЕГЕ

Тіршілікте еш мақтау тең келмеген,  
Қандай әсем жан еді жеңге деген.  
Қымызқұмар, қызқұмар бозбалалар  
Жеңге алдында ұршықтай дөңгелеген.

Сыңғыр үнді бастаудан бұлақтардан,  
Жеңге жайлыштың мен күй сыр ақтарған.  
«Жеңгем сүйер», «Жеңеше-ау», — деп үзілген  
Әсем үндер кетер ме құлақтардан.

\* \* \*

Көңілдің оты сөнбесін,  
Көрікті ойлар сөйлесін.  
Көктемей қалу — өкініш  
Көктемдей шабыт бергесін.

Шарықтау шыңға — арман сол,  
Өрге бір бағыт алған соң.  
Бықсуга сенің қақың жоқ,  
О бастан маздалап жанған соң.

\* \* \*

Қауіпті — құздан құлар селден көрем,  
Ікерді — мандаідағы терден көрем.

Кылықты — күлімдеген көзден көрем,  
Былықты — бәтуәсіз сөзден көрем.

Көрікті — бояуы мол түстен көрем,  
Данқты — байыбы бар істен көрем.

Нарлықты — елін сүйген ерден көрем,  
Барлықты — жолы жомарт жерден көрем,

\* \* \*

Сурылып сейлеп,  
Жүрсем де қаша тартынбай,  
Кеудем де менің қалады бір сөз айтылмай,  
Оянса-ақ ойым,

Жүректің түкпір-төрінде  
Жатады сол сөз  
Аршылмай қалған алтындай.

Сол бір сөз, сірә, ойымның аппақ алтыны,  
Жазылатұғын жырымның өзек нәр-құны.  
Айтсам деп соны,  
Жазсам деп соны ынтығам,  
Айта алмай қалам,  
Жаза алмай қалам алқынып.

Ойымды қарман,  
Оқталам тағы ондайда,  
Салмақсыз сөздер көкейге терең орнай ма.  
Айтылмай жүрген,  
Айта алмай жүрген сол сөзім —  
Жыр-отаумның ең биік туы болғай да!

\* \* \*

Сен — теңіз,  
Мен — өзен бол құйыламын,  
Тартылсаң —  
Тамшы болып тыйыламын.  
Әр сезім тізерлей кеп тәнті болған  
Тәңдердегі бір өзіңе сыйынамын.

Сыйынсам —  
Суымайтын жылу алам,  
Дариды құдіреттің туы маған.  
Сол шақта көкірегім гүл жамылған  
Кетеді секілденіп сұлу алаң.

\* \* \*

Қойған бір ағын судай баққа бұрып,  
Жатады кеудемнен жыр актарылып.  
Бұл күнде сапарыма таймен емес,  
Шығамын алшаңдаған атқа мініп.

Шығамын атқа мініп алшаңдаған,  
Қалдырмай ешбір жанды тамсанбаған.  
Тың ойдың төскейіне із саламай,  
Бір ноқат бұдан бұрын жан салмаған.

\* \* \*

Жыр оқышы жанарындай жақсының,  
Жазғы күндей жадырасын жаным бір.  
Ой сергітер жақсы жырға тапшымын,  
Ақындықтың құдіретіне табындыр.

Сұлулардың мінсіз біткен көркіндей,  
Жыр оқышы жаныма нұр себелер.

Жан сезімнің алаулар ем өртіндей,  
Сол сезімді үрлей түссең сен егер.

Жыр оқыши сағыныштай тым ыстық,  
Тыңдайын мен жүрегінің лұпілін.  
Мейлі жанға бермей-ақ қой тыныштық,  
Тек сезейін бақытымның бүтінін.

\* \* \*

Жазылмаған әлі де, жақсы жырым,  
Шырағынды жарық қып жақшы бүгін.  
Достарымның қуантшы жан-жүрегін,  
Көре алмастың бір жола қақшы жынын.

Жазылшы енді жаңарап, жақсы жырым,  
Сенсің жұртқа жасайтын жақсылығым.  
Бұл өмірден жалғыз-ақ түсінгенім —  
Жақсылықпен ілгері басты күнім.

Мәлдір ойлар-туып ақ таңдай көрік,  
Қарсы алады сүйкімді жандай болып.  
Жақсы жырды жазбасам,  
Жақсы ойларым  
Құса болып ішімде қалмай ма өліп?!

\* \* \*

Мақпал мінез жаз өтіп күз келеді,  
Қайда өлігіп көңілдің іздегені?  
Мына уақыт адасқан бөкендейін  
Адастырып кетпегей түзге мені.

Жайратқан ба көңілді жасын ұрып,  
Қайда жүрсің көрінбей асыл үміт?

Мына кеш те кеткендей теріс қарап,  
Бұлт астында ай қалды жасырынып.

Тағдыр бұлай ойнама жасырынбак,  
Кете алмайсың бәрібір асылымды ап.  
Тау толқындай тулаған жүрегімде  
Тасып жатыр сенен де басым ырғак.

\* \* \*

Жүк көтермей қайратты қара нарадай,  
Өз түркымен таңылып, дараланбай,  
Өзгергіш бол кететін біреулер бар  
Өз келбетін мұқият қарап алмай.

Бұл сөзіме айыптар тағылар сан,  
Өзімді өзім, арман жоқ, танып алсам.  
Тарау-тарау жолдардың ортасынаи  
Өз жолымды жоғалтпай тауып алсам.

\* \* \*

Бар менің намыс атты тас қайрағым,  
Намыспен сұарылды жастаң жаңым.  
Келемің көптің жүгін көтерісіп,  
Жүргем жоқ ретін көздел бас пайданың.

Демеймің өзгелерден бақ асырам,  
Ешкімнің селт етпеймің табасынаи.  
Ризамын өміріме,  
Тұзу жүрсем  
Көз жазбай жақсының бір қарасынаи.

Білемін ержігіттің жүгі нардай,  
Мен емес жүктен тайқып бұғынардай.  
Күн-түні ойлайтыным —  
Ұстап жүрсем  
Ақ туын адалдықтың жығып алмай.

\* \* \*

Шын достық — сірә, шын арман,  
Достарды көрмей тұра алман.  
Достыққа деген махаббат —  
Сағыныштан ғана құралған.

Достықты адал сүйіппін,  
Достардың сырын жиі ұқтым.  
Достықпен ғана мықтымын,  
Достықпен ғана биікпін.

\* \* \*

Сынадым, соның үшін жек көресін,  
Деп жүрсің:  
«Бұр жармасын, көктемесін».  
Мен саған көлгірсумен бола алман,  
Онбаған қылышынды сөкпегесін.

Жок, саған көзінді алдаң дос бола алма!  
Жолымнан адастырмас тосқан арман.  
Келсеңіз қолпаشتауды менен күтпе,  
Күт анау күлтенедеген басқалардан.

Серік бола алмайды сұмдық пен еп,  
Жүре алмаймын өтірік сырғып, демеп.  
Достықтың тәттілігін тату үшін  
Алдымен удай ашы шындық керек!

\* \* \*

Ұлғи менің көнілімде үміт тұнеп,  
Сыртқа теуіп жүремін күдікті көп.  
Адам айқын жараган, тек сонымен  
Ол өмірде жылапты, құліпті деп.

Ізгілікпен жаныма енген өлең,  
Сол өлеңмен түзеліп жөнге келем.  
Жақсы адамның жасырынып қеудесінде  
Жамандық жүр дегенге сенген емен.

\* \* \*

Отырмын үнсіз-түнсіз өзінді ұғыл,  
Қарайсың қайғыға да төзім қылып.  
Алыр-ау жанынды дерт қажытса да,  
Тұрады мәп-мәлдір боп көзің құліп.

Сыйғызған осыншама терендікті,  
Болмысың жарады екен неден мықты.  
Әйелдің жанарында жалт еткен бір  
Үмітті жырлай алар өлең ғып кім?!

\* \* \*

Жанымның бердім саған бар асылын,  
Тапқан соң жүрегімнің жарасымын.  
Сен менің сезімімнің түңғиғы,  
Тұп-тұнық көзімдегі қарашибым.

Сен барда сексен қырлы өнерім мен,  
Сен барда үмітім көп келер күннен.  
Сен барда сексен қырлы өнерім мен,  
Таусылмас тамылжыған өлеңмін мен.

\* \* \*

Жаастықтың жаралған қиуынан,  
Сұлулықтың сендеғі сыйыя үғам.  
Маған деген көктемін көніліңнің  
Көрем ылғи көзіңнің қызығынан.

Жарқырай тұс кіршіксіз айнадайын,  
Аспандағы өзің бол арман-айым.  
Тасты жарған қайнардың тұнығындай,  
Мөлдіреген көзіңнен айналайын.

\* \* \*

Мен үшін сен таусылмайтын байтақ ән,  
Тамылжытпай қалай ғана жай табам.  
Бақ жұлдыздай көрініп ең көзіме,  
Сағым болып барасың ба қайтадан.

Қанып ішер тұнығындай қайнардың,  
Дәл өзіндей қарсы алдында жайнар кім.  
Жап-жарық бол жүретүғын жолымда  
Мәңгі сөнбес шырағыма айналғын.

Шалқар шабыт шақырады сен десем,  
Саған ілесіп өрлеймін мен өрлесем.  
Көнілімнің күмбезінде жарқыра,  
Арманымнан адастыра көрме сен.

\* \* \*

Үңілемін сенің сұлу көркіне,  
Әсемдіктен көзімді бір ала алмай.  
Жүргегімде махаббаттың өрті ме,  
Асау сезім лапылдайды алаудай.

Түннің терең тұңғылық секілді,  
Қарашибың қандай еді, қарағым.  
Қалқалама таңдай нұрлы бетінді,  
Көрген сайын көргім келіп барамын.

Шыбын жаным шығып кете жаздайды,  
Қадалғанда маған үшкір кірпігің.  
Махаббаттың шогы ернінде маздайды,  
Өбейін де, алайынышы бір тыным.

\* \* \*

Еріп жүрем қалмай сенен үш елі,  
Бір өзіңсің сымбат сұлу мүшелі.  
Айтшы, жаным, өзіңе шын сұқтаңған  
Күн сәулесі қай жағынан түседі?

Қай жағынан ерке самал еседі,  
Назың әлі құлағымда кешегі.  
Бақ ішінде басып кеткен ізіңе  
Үлбіреген нәзік гүлдер өседі.

Өзің болып майысады жас талдар,  
Өзің болып бұлғайды аскарлар.  
Саған деген алауында сезімнің  
Жүрегімде жазылмаған дастан бар.

\* \* \*

Кең дүние секілді кеудем менің,  
Батпандай сезім жүгін тендеудемің.  
Суытпауга жылуын жүректердің  
Жанартаудай лапылдалап сөнбевлемің.

**Тұрсам екен сөнбестен үшқын атып,  
Туғанин соң балқынған күшті ұнатып.  
Аяғына қан түсіп орта жолда  
Қалмаса екен қанатты үшқыр атым!**

\* \* \*

**Жоғалтам барлық шыдамды  
Көріспей қалсам бір күн мен.  
Естімін ғажап жыр-әнді  
Күмістей сыңғыр күлкінен.**

**Көркіңмен мынау өлеңге,  
Жібердің білем нұр құйып.  
Тоғытқан мені тереңге,  
Қараышқтарың тұңғиық.**

**Қарлығаш қанат қағады,  
Қыылған қара қасынан.  
Мәжүнін болып барады  
Өлердей саған ғашық жан.**

**Өзің деп соққан жүректің,  
Кезі жоқ, сірә, басылған.  
Кеудеме солмас гүл ектің,  
Гүл ектің, сәулем, жасырман.**

## ТАБИГАТ ТІЛ ҚАТҚАНДА

\* \* \*

Күн ашық.

Шәкім бұлт жоқ көк аспанда,  
Жосылып жатыр айқын жол асқарға.  
Күркіреп тау өзені құлдилайды,  
Жолында тоған таппай толастарға.

Қалқып жүр зеңгір көкте тау қыраны,  
Тоғайда кекең үні жаңғырады.  
Асықпай тау еркесі — марқа марал  
Бұлактан шелін әбден қандырады.

Аққулар айдың бетін шимайлаған,  
Сәулесі ақ күмістей суда ойнаған.  
Осы бір сиқыршыдан сұлулықтың  
Суретін көділіне жинайды адам.

\* \* \*

Жұлдыздар тылсым түнге жымындейды,  
Балқұрақ ағын суға сыйырлайды.  
Кегалда құшақтасқан екі ғашық  
Шым-шымдан бір-бірінен сыр ұрлайды.

Самал жел ғашықтарды аймалайды,  
Жанарлар тіктесе алмай тайғанайды.  
Осынау әсемдікке сұқтанғандай,  
Тесіліп түнгі аспаннан ай қарайды.

Кыландалап шығыс жақтан таң келеді,  
Күмістей сыңғырлаған ән келеді.  
Сол әннің қанатына қарғып шығып,  
Көңілім іздегендей әлденені.

Көз ашты алтын кірпік Құн — сұлуым,  
Тогайда тамылжыды бір сұлу үн.  
Көңілім тоқтатты да қымсынуын,  
Қүшетті сұлулыққа құлшынуын.

Құн — сәуле аймалайды қызғалдақты,  
Тұп-тұнық көл бетінде із қалматы.  
Ілем деп айна қолден алтын балық  
Көңілім тастай берді жүз қармақты.

Талма тұс,  
неткең ғажап ыстық еді,  
Төбеден от-найзасын піскіледі.  
Табиғат көрсеткен соң қыз мінезін,  
Көңілдің желпінді-ай кеп күшті лебі.

Тоқтамай жылжыды күн одан әрі,  
Алты доп таудан аса домалады.  
Көңілді жабырқата басады енді  
Ымырттың қара кеуім орамалы.

\* \* \*

Қалбандап, желге мұнын шағып үшқан  
Жапырақ сарғайды ма сағыныштан?  
Торғайлар күз келгенде үрпиісіп,  
Жаздағы жақсы әнінен жаңылысқан.

Сары даңа сезбекендей өзгерерін,  
Аңсауда көктемдегі көк желегін.  
Саршұнақ сары масакты кеміруде,  
Ұмытып ала жаздай шөлдегенін.

Қараймын тырналардың тізбегіне,  
Олар да жаздан күдер үзгені ме?  
Басқым кеп сағыныштың қызу табын  
Бетімді тостым салқын күз лебіне.

\* \* \*

Апрельден басталды көктеміміз,  
Бейбіт еңбек,  
Бостандық — боп тәріміз.  
Бастау болды көбесін жауыздықтың  
Октябрьде қақырата сөккеніміз.

Адам жаны жаңарып көріктенді,  
Ұлы Октябрь жемісін орып берді.  
Әділетке тірек деп таниды әлем  
Ленин туын көтерген ерікті елді.

\* \* \*

Достар барда қасымда қаумалаған,  
Батпан жүкті иықтан аудара алам.  
Сезім мұлгіп, серпінім сәл босаса  
Сергу үшін алдымен тауға барам.

Кұлақ тоссам өзенге арындаған,  
Күш енеді қеудеме жалындаған.  
Жұпар гүлді бектерден самал еміп,  
Тау сыйлаған ләzzаттың бәрін де алам.

Тауға бармай құмарым тарамайды,  
Жасыл нуды жан сезім аралайды.  
Биіктікке жарысып бара жатқан  
Қызықтаймын шырша мен қарағайды.

Сипап өтіп сағымның тұлымшағын,  
Үйіріледі құйындай құлын-шабыт.  
Дәу жартастың жанында шашын жайып,  
Ақ қайың түр майысып, мұнын шағып.

Үйретпеген асаудай басын әлі,  
Тентек өзен гүрілдеп ашынады.  
Аһ ұрып кеп соққанда қойтастарға,  
Ақ моншақтар маржандай шашылады.

Сүйсінесің көз тұнған ен көрікке.  
Гүл біткенді өзара жарастырып  
Таңырқатар бұл тауға тең келіп не,  
Көбелектер жұр әне, женгелікке.

Тауға барсам сан сурет қаумалаған,  
Таудың жұпар самалын сауған адам.  
Ой бұлағын, жыр көзін, сезім нәрін —  
Бәрі-бәрін мен ылғи таудан алам.

\* \* \*

Аппақ шындар акша бұлт арқалаған,  
Тауға бармай құмарым тарқамаған.  
Шатқалдарда тұнып түр кекшіл мұнар,  
Ару тәнін пернедей қалқалаған.

Зенгір көкте жұзіп жұр қыран қалқып,  
Сыңғырлайды ақ қайнар сыр аңғартып.  
Көзімді алмай еріксіз ертелі-кеш,  
Тамашага осынау тұрам балқып.

Мөлдір сағым самалмен жарықсандаі,  
Бас изейді қайындар таныстардай.  
Тауға барсам таусылмас ләззат алам  
Қас сұлумен оңаша табықсандаі.

\* \* \*

Ұрғалып мынау қайындар,  
Би билеп тұрған секілді.  
Аспанин ару ай ымдал  
«Сүй, сүй!» — деп тұрған секілді.

Қарағай, қайың алдыннан,  
Қарсы алып тұрған секілді.  
Төңірек тегіс той-думан,  
Ән салып тұрған секілді.

Жыр-өнеге шыңға қанатын  
Серметіп тұрған секілді.  
Жанымды менің дала, тұн  
Тербетіп тұрған секілді.

## ҰЗІЛГЕН ГҮЛ

### Баллада

Бақ іші.

Қарыс жер жоқ жайнамаған,  
Көңілді, көрікті-ақ тым айнала маң.  
Ғашықтар екеу-екеу қол ұстасып,  
Шын ләззат гүлді бақтан алған адам.

Қырандай қалықтайды биікте арман,  
Көбелек керегін жүр жиып балдан.  
Дегендей бар тіршілік тыныстасын  
Дүние мөп-мөлдір бол ұйып қалған.

Тебеден сұқтанады күн қызығып,  
Бақтагы кетпегей деп үн бұзылып.  
Жүр едім мен де осында,  
Көзім түсті —  
Алдында жатыр бір шоқ гүл үзіліп.

Бұл қылық — безгендік шын нәзіктікten,  
Мұндай жаинан рухани азық күтпен.  
Жасайды гүл-көрікке жауыздықты  
Сезімнен жүрдай болып азын біткен.

Үңіле гүл шогына қарап едім,  
Жұлынған күлтесінен жара көрдім.  
Арсыздық қорлығына қапа болып,  
Көтеріп гүлді жерден ала бердім.

Дегендей:

осылайша батты күнім,  
Айыпташ қайрымсыздың каттылығын.  
Құлаган нәзіктікің арманындаі,  
Гүл маған бояу ғана шақты мұнын:

«Нәзікпін, өмірім де қысқа менің,  
Сонда да сәндік туын ұстап едім.  
Арманым орындалар аңсап күткен —  
Адамға бақыт қонған тұста менің.

Барымды мақтан тұтып айта аламын,  
Салтанат, той-думанда жай табамын.  
Фашықтың құшағында жұпар атып,  
Данқтың тұғырында жайқаламын.

Көнілдің көркейтемін таза бағын,  
Сан жүрек маған ариап жазады әнін.  
Оралып қара жалқан қабірге де,  
Қайғыны жүртпен бірге азаладым.

Сән беріп жайнаушы едім қатарда мың,  
Әр үйге тек қуаныш апарғаным.  
О, адам,  
Мен нәзіктік қызметшісі ем,  
Корлық қой аяқтарға тапталғаным».

...Ұялам, есіме алсам осы күнді,  
Кіретін таппай қалғам есігімді.  
Қәдімгі кінәлідей басымды иіп,  
Сол гүлден сұрай бергем кешірімді...

\* \* \*

Жарық, мен саған ұмтыламын,  
Сен болмасаң көнілдің бұлты қалың.  
Алтын шапақ сәулелер әлдилесе,  
Жас сәбидей тарқайды шын құмарым.

Жарық, жақсылықпен жаса қадам,  
Төгілмесін қараңғы тасада қан.

Жарық жерде жалындај жаңа күшпен  
Батылырақ аяғын басады адам.

Жарық, саған қараймын үмітпенен,  
Сеніменен жол тауып жүріп келем.  
Жарығы жоқ түнектен сескенбеймін.  
Сәулесі жоқ жүректен күдіктенем.

### ҚАСИЕТ ҚЕСТЕЛЕРІ

Адал жан армандаған асылдай бір,  
Бұқпактап еш нәрсесін жасырмайды,  
Ісі әділ болғаннан соң, сөзі батыл,  
Алдында құдайдың да бас үрмайды.

Әр ісің адалдықпен өлшенеді,  
О бастан адал болсаң ел сенеді.  
Қарақшы қалқалап кеп жасырынса  
Жартас та жиіркеніштен тәңселеді.

Не керек үрлап-жырлап тапқан малың,  
Сіңбейді арам қолдан татқан дәмім.  
Таусылмас тамағыма талшық болар  
Ақ адал қара сумен қатқан наным.

Кіршіксіз адалдығың — алға асқаның,  
Армандаі келер күнге жалғасқаның.  
Желкесін арамзаның қып түсер  
Адалдық — қолындағы алдаспаның.

\* \* \*

Бұлт оранған тау секілді басына,  
Қайғылының барып көрші қасына.  
Бәзбіреудің рас болар ма айтқаны:  
«Бір-ақ күнде ақ кірді, — деп, — шашыма».

Қайғы дерті — түннен бетер тымырсық,  
Қинайды-ау кеп қойғандай бір у ішіл.  
Әлем-жәлем қанжылаған ішінде  
Жатқандайын бұрқ-сарқ қайнап су ысып.

Қайғы үйқынды қашырады бойынан,  
Қалдырады әзіліңнен, ойыннан.  
Гүл аңсаған, жыр аңсаған кездегі,  
Құмарлықтың бар белгісі жойылған.

Жарық сәуле күңгірт тартып кеткендей,  
Өңменіңнен қып-қызыл шоқ өткендей.  
Әмір бойы арман еткен үмітің  
Косаяқтап маңдайынан тепкендей.

Өңің қашып күзгі гүлдей соласың,  
Көз жасына шомылғандай боласың.  
Лапылдаған өрт ішінде күйесің,  
Аяз қарып баратқандай тоңасың.

Қайғылының көлдей жасы төгіліп,  
Қақырайды қабырғасы сөгіліп.  
Сәл жымынп езу тартқан бір адам,  
Тұрады оған дұшпанындай көрініп.

Шактарында қиналумен көз ілген,  
Түсіне енер ботасы өлген боз інген.  
Қайғылы жан байыз таптай сенделіп,  
Уайым мұжіп, айырылады төзімнен.

Қайғылы жай —  
Сан мықтыны сынайды,  
Қасіретке шыдамаған құлайды.

Қайғылы күй —  
Қара жерді қүңірентіп,  
Ашы зардан қара тас та жылайды.

\* \* \*

Жала әуелі майда тілмен жалаңдар,  
Жалап-жалап, адалыңды арамдар.  
Жала — жыртқыш тырнақтарын жасырған,  
Жалақордан абай болшы,  
Адамдар!

Ақты — қара, қараны — ақ деп ғайбаттаپ,  
Торына әкеп түсіргенде айбатты-ак.  
Адам түгіл  
ардан безген жалақор  
Тырысады қаралауға айды аппақ.

Пәленді ішіп, түгенді де жепті деп,  
Мұның қолы қымқыруға епті деп.  
Жерден қазып, жеті қоян тапқандай,  
Отырады кекірегі көк тіреп.

Талайтұғын тәнінді иттей қабаған,  
Көңілінді көтертпейтін һаладан.  
Ан үргызып, өзегінді өртейтін  
Ашы нәрсе болмас, сірә, жаладан.

\* \* \*

Бір жаманың арағашок тасыған  
Қылығынан  
Морт кетіп жоққа сынам.  
Айнытады жүректі кейбіреулер  
Айналсоқтап кете алмай от басынан.

Бір жақсылық қашанда тосар алдан,  
Оқ атса да андып қу тасалардан.  
Жақсылықтың қолымен түзетейік,  
Жамандықты өзіміз жасап алған.

Екпіні зор қашанда қанаттының,  
Қанаттылар —  
Әлемге таратты үнін.  
Жата қалып жолында,  
Сүріндірмей  
Ұзартсаншы өмірін таланттының.

\* \* \*

Талмай тафтып,  
Алға сүйреп ақын — бақ,  
Елуге де келдік, міне, лапылдаپ,  
Елу жаста еркелеткен бұл өмір  
Одан да зор биігіне шақырмак.

Елуінде өнер-мұра екшелер,  
Елің саған есейді гой деп сенер.  
Қыран үшқан қияларға қонарсың,  
Елудегі ер екпінің жетсе егер.

Тұлпар болсаң тұяғындаі асыядың,  
Жыр бәйгеде өнерінді асырдың.

Жеңіл алған биігінен қарайсың,  
Артқа тастап тең жарымын ғасырдың.

Демесем дे түгел парыз өтелген,  
Дем-тыныстан жан едім мен от өрген.  
Ассалау мағалейкүм,  
Ақ отауым,  
Елде жүріп елуімде көтерген!

### КӨРІСЕЙІК, КЕЛ, ДОСТЫМ!

Келші, досым, көп болды көріспеппіз,  
Талай-талай қияға өрістепті із.  
Ажыратып ай, жылдар арамызды,  
Куаныш пен қайғыны бөліспеппіз.

Тағдыр бірақ мені әсте алдамаған  
Арым таза, қуаныш ол да маған.  
Сапта тұрған солдаттай журналистпін,  
Журналистпін каламы жорғалаған.

Тұрды менің алдында неше міндег,  
Сан түйінді сарылдым шешемін деп.  
Өлең-сөздің есігін аштым, міне,  
Қатарымнан едәуір кешеуілдеп.

Сәл кешігіп оралдым жақсы арманға,  
Айналдырып көңілді ақ шамдарға.  
Жиырма бестей желікті жасымда емес,  
Самайымды кәдімгі ақ шалғанда.

Шын ниетті тұрғанда қосып ізгі,  
Табалайды қай дүшпан осы бізді.  
Көрісейік кел, достым, кел, кел, достым,  
Төсімізге басайық төсімізді!

## ЕР АНА

### Поэма

#### *Болған оқиғаның ізімен*

*Ұлы Отан соғыс жылдары тылда жан аямай еңбек  
еткен аяулы анам Қаделі, ардақты әкем Абдош Ысқа-  
қовтарға және қадірлі ауылдастарыма арнаймын.*

*Автор.*

### Софыс

**Жел соқса жөнкілетін бошалап құм,  
Кызық-ақ табиғаты Кошалақтың.  
Өтеді жыл мезгілі мың құбылып,  
Жарасты мінезіндей осы алаптың.**

**Көктемде көріктеніп сай-сала тым,  
Жайлауда қыр гүлдері жайқалатын.  
Бақыттың бесігінде тербелгендей  
Сүйсіне сұлу жырын айтар ақын.**

**Адамы жігерінен от өреді,  
Алыптай батпан жүкті көтереді.  
Осы бір өркен жайған колхозды ауыл —  
Құт қоныс, ырыс толы мекен еді...**

**Кенет осы шаттықты түнек басты,  
Құмда аттанған аяқтың дір етті асты.  
Қайғы бұлты қамалап көнілдерді,  
У құйылды запыран жүрекке аңы.**

**Түн түйіліп қабағын қарс жапқан,  
Тұңғық боп барады алыстал маң.  
Азан-қазан,**

Қопада құстар шулап,  
Бәрі ұлиды ышқынып қамыс жақтан.

От жанады үстінде зираттардың,  
Сұзы жаман құм-төбе бүйреттардың.  
Қора-қосы ұқсайды ескі жүртқа  
Бар көрікті әп-сәтте қиратқан кім?!

Осылай түн —  
Қос апат түріне енді,  
Бірі аспанды тітіретіп,  
Бірі жерді.  
Сусын келе жатқандай құм топырак  
Көмейін деп біржола тірілерді.

Дүр сілкініп, ақ сенгір, көк сенгірлер,  
Тамырынаң жұлынып өскен гүлдер,  
Келе жатқан секілді қан шенгелден  
Бонапарттар,  
Шыңғыстар,  
Ескендірлер.

Батыс жақтан көрінген алап қандай,  
Қызыл жоса қанменен жалатқандай.  
Дүниенің тынысын сағат емес,  
Зар илете минутпен санатқандай.

Осылайша жаманат түйіледі,  
Азынаған ажалдың қүйі ме еді.  
Софыс — апат,  
Фашизм — қанды шенгел,  
Айналдырмақ дозаққа дүниені.

Ауыл тегіс әп-сәтте құлактанды,  
Шыдамаған ызага жылап та алды.  
Жалғыз ұлын құшақтаң жесір ана  
Қасіреттен қайысып құлап қалды.

Сонда-дағы көкейге бар тілек кеп,  
Арқа тосты:  
Нар жүгін артып өт деп.  
Еңкейгенмен бұл тұні еңсе біткен  
Жығылған жок, қалды тек тәлтіректен.

Мұндай шақта кім болар аласарған,  
Баласы арман, қазаққа, даласы арман.  
Сезіледі қайсарлық, намыс, жігер,  
Құрығына сүйенген қара шалдан.

Он тоғыз, жиырмадағы жас жігіттен,  
Қажыр-қайрат бүрқады тасты үгіткен.  
Байқалады анық жүзінен бабалардың  
Жауды күткен сәттері,  
қасты күткен.

Жүргендей солар қару үлестіріп,  
Дүшпанмен жекпе-жекте қресті үміт..  
Құмбірлеп Құрманғазы күйі шалқып,  
Тұрғандай Махамбеттің үні естіліп..

Жұрт ызасы қоздырып сан аруақты,  
Кеуделерде кек отын алаулатты.  
Жауыз жendet — Адольф Гитлерге  
Ел қарғысы оқ болып борап жатты.

\* \* \*

Аттанды азаматтар ел қамы үшін,  
Коргауға туған жердің ар-намысын.  
Кемпір-шал, балғын жастың иғына  
Түсті енді қындықтың салмағы шын.

...Үлкен ұлы Абзалдың — Ғарышбегі,  
Бұл күндері ауылдан алыста еді.

**Оның-дағы қанында бұрқап жатты  
Ұлы Отаның қайнаған намыс-кегі.**

**Соңғы жылы.**

**Басталған сыйнақтары,  
Шығу еді үшқыш бол мұраттараты.  
Лап етті соғыс өрті.  
Енді, міне,  
Тұрулі майдан жаққа құлақтары.**

**Биік тұғыр бақ құсын қондыра алар,  
Ата-ананың құмары енді қанар.  
Өзі жазған қолымен сағынышын  
Ғарышбектен кешікпей келді хабар:**

**«Үшқыш болдым, әкетай, бұл күнде мен,  
Көктің жүзін шарлаймыз күн-түн демей.  
Алдымызда — бір максат, бір-ак бұйрық —  
Фашистерді аяусыз құрту деген.**

**Жаудың үнін өшірер жасқанбаған,  
Соққы берер қайраты асқан ғана.  
Куу керек дүшпанды туған елден,  
Құрту керек жерде де, аспанда да.**

**От айқаста шығамын таң алдында,  
Ондай ұрыс кезігер сан алдымда,  
Көк аспанда фашистің құзғындарын  
Өртеп, мүмкін,  
Өзім де жанармын да.**

**Олай жансам —  
Ісіме өкінбендер,  
Ол — мен кескен дүшпанға ұқім деңдер  
Отан айтсын:  
— Мінекей, адал ұл! — деп,**

**Анам айтсын:**

— Менің ақ сүтімді емген!»

Кетті әкені жетелеп сол шақта арман,  
Мақтанышпен ер сезім қол соқты алдан..  
Ет жүрегі елжіреп Әдемің  
Кірпігінен домалаң моншақ тамған.

## **Басқарма**

**Ат сабылтып, пошташы қапылыпты:**

— Телеграмма!..

**Сан оқып, ақыры ұқты:**

«Коммунист Дәуренова ертең таңда  
Аупарткомға жетсін», — деп шақырыпты..

Әдемі аң-таң.

Хатшының тілегі не,

Айтылатын қолқа ма бір өзіне?

— Телеграмма, мінекей, оқышы, — деп  
Көрсетті оны дәрігер күйеуіне.

**Абзал айтты:**

— Жұбайым, бері кел, — деп,

Тұр мақтаныш кеудемді менің кернеп.

Сені тегі аупартком шақыртқан ғой,

Әйел емес әдемі — нағыз ер деп...

Жігерліге шығар шың, асқар да көп,

Қанат барда қалықта, аспандап өт.

Көп кешікпей Әдемі Дәуренова

Жиналыста сайланды басқарма бол.

Әр ошакта әнгіме жатты гулеп,

Әлдебіреу көршіден бақты күндеи,

Ұлкен қауым өмірге ортақ ойды  
Әдемімен ұғысып, тапты бірге.

Бір арнаға пікірлер түйінделді,  
Габыстарды жақсыға сүйінгенді.  
Жүректерде жарқын күш толқып жатты,  
Құрестерге дайындаи дүйім елді.

### Қаһарлы қыс

Қыс қатты-ак жұтатқандай бар аймақты,  
Жүзінде маң даланың зар ойнатты.  
Үрей сап долы боран малшы үйінің  
Есік пен терезесін талай қақты.

Қауіпті ауыртпалық төте келген,  
Төрт түлік теңселуде көтеремнен.  
Лайық па мұндай шақта азаматқа  
Құрессіз, әрекетсіз бекер өлген.

Шегінбе, басу керек қадамды алға,  
Жағалас қындықпен шамаң барда.  
Колымен табиғатқа тұсау салған  
Сенім арт, арқа сүйе адамдарға.

Илантып қам көңілді құлатқандай,  
Ақыл айт асыл арман, мұратқа арнаї.  
Жылу төк жүрегінің шуағынан  
Жесірді өксігінен жұбатқандай.

Жатқанда жалпак дүние жанып отқа,  
Тоқтау айт, жүрек зарын жамыратпа.  
Ұрысын құмды ауылдың еселейтін  
Тірек бол мынау емен шаңыраққа.

Киялдың қанат қағып құйын-желі,  
Әдемі ойды осылай түйіндеді.  
Күн-түні қыстак жайы естен кетпей,  
Ұмытты тауқыметті үйіндегі.

Басқарма мүшелерін жинап алып,  
Әдемі айтты:  
— Тер төгіп қиналадық.  
Тыл да — майдан,  
Ендеше қол-аяқты  
Отыруға болмайды суға малып.

Амал біреу бұл жерде бақ-жол ашқан —  
Шөп тартамыз түйемен Ақжонастан.  
Басқа жол жоқ малды аман сақтайтуғын,  
Қанша жетік болсаң да айлаң асқан.

Ал кәнекей, Кошалақ ауылы бол,  
Түйе тапшы жүк артар жауыры жоқ.  
Адамдар ше?  
Шетінен жетім-жесір —  
Күйеуі жоқ, бірінің бауыры жоқ.

Бүтін үй жоқ осынау маңда тұрган,  
Біреу жоқтап жалғызын таңды атырған.  
Қалт-құлт етіп кемпір мен кәрі шал жүр  
«Кара қағаз» ішіне қан қатырған.

Деді Әдемі:  
— Халайық, сырымды аңда,  
Бұл сайыста орын жоқ бұғынғанға.  
Жауға соққы береміз қансырата  
Жұдырықтай сом болып жұмылғанда.

Әдемі осы айтылған сезін растап,  
Жолға шықты керуенді өзі бастап,

Ақжонасқа жетті олар ара қоның,  
Енді үміттер жарқырап көзін ашпак.

Шаршау қалып, жігермен от кеуделі,  
Түске дейін түйеге шөп тендерді.  
Куаныштың тұтанып ұшқындары  
Қауіпті үрей ұмытылды өткендегі.

Түстен кейін қар тағы қылаулады,  
Кекжиектен бозарып күн аунады.  
Табиғаттың қытымыр тылсым күші  
Сағат сайын бұларды сынауда әлі.

Батпан жүктей беліне салмақ түсіп  
Әдеміні келеді толғақ қысып.  
Жалын өртеп өң бойын  
Енді бірде  
Қалтырайды секілді тоңғақ кісі.

Аш бүйірден бір шашу шықты-дағы,  
Бұрген сайын еңсесін бұқтырады.  
Тән азабы езгілеп тұла бойын,  
Жанарына іркіліп шық тұнады.

Білдірмеске осыны тістенеді,  
Өзін өзі демейді, күш береді.  
Міне, тағы,  
Тағы да толғақ қысты,  
Одан кейін сезбеді ештеңені...

\* \* \*

Көңілде күдік-үрей бар ма, қалай?  
Жақсы үміт жарға жығып алдамағай.  
Тапсырып Әдеміні жолдағы үйге,  
Керуен бет түзеді алға қарай.

Жеңгендей жан азабын төзімі асып,  
Эдемі тілге келді көзін ашып.  
Қуанды үй иесі сары кемпір.  
Науқастың естігенде сөзін ашық:

— Япыр-ай, керуен қайда, қайда қарттар?  
Кораға ыққан малды айдал ап бар!  
Көзіне кетті елестеп Эдемінің —  
Өңкей бір адамы жоқ жайдак аттар.

Ойбаурымдап біреулер жылады да,  
Қасқырлар кеп ұлыды құлағына.  
Снарядтар жарылып, үй өртеніп,  
Дұшпан ойран салғандай тұрағына.

Зарланады қара жер күніреніп,  
Қайта тұрын бара ма небір өлік?..  
Иіскеп жатыр қара інген жасын төге  
Бөрі тартқан ботасын еміреніп.

Мына тірлік барады мұздай қарып,  
Мынау үйде пеш жатыр қызбай нағып?..  
Эне, керуен!..  
Опат бол кетер ме екен,  
Неге жүрді қатерлі құзды айналып?!

Денесі оттай өртеніп жанды-дағы,  
Әуреледі қызудың сандырағы.  
Сары кемпір көз ілмей жанталасты,  
Науқас жайы болып тек аңдығаны.

\* \* \*

Шағындақ көктейтүғын май гүлінің,  
Кім күтіп отыра алар жайлы күнін.  
Бұл ауыл думан құрып ауық-ауық  
Аршиды жүректегі қайғы-мұнын.

Бір ауық қанат қақты өршіл өнер,  
Қосылып домбыраға көрсін өлең.  
Сәбидің шілдехана тойына кеп,  
Күй шертіп, би биледі көрші-көлем.

Қанат деп ат қойылды жас ұланға,  
Той қызды, кеткендейін асып арина.  
Разия балбырата би биледі,  
Көнілі көппен бірге тасығанда.

Майысты ақ қайындақ білектері,  
Сағыныш сырын жайып жүректегі.  
Соғыстың, көрініп түр жанарынан,  
Сарғайтып ақша жүзін жүдектені.

Ниеттер мынау дарқан сыйға құлап,  
Бір ауық қоя берді күй жамырап.  
Шертті шалқыта кеп «Сарыарқаны»  
Шебері он саусактың Имамұрат.

Бұлқынып бұғаудағы алыптардай,  
Бір әнді шырқағандай халыққа арнай,  
Қанат та ауық-ауық іңгалайды,  
Баршаға бар өнерін танытқандай.

Жүретін жанашыр бол талайға да,  
Аталған осы ауылға аяулы ана —  
Қанатқа кіндік шеше сары кемпір  
Бесікті тербел отыр баяу ғана.

Үн қатса домбыраның пернелері,  
Сезімді серпілткендей жел береді.  
Кезегі келген кездे тартынбастаң  
Сағи қарт Махамбеттен термеледі.

Аспанға ән қалқыды көтеріліп,  
Ақкудай шырқап шықты өте биік.  
Тәнті боп құлақ түрген тындаушының  
Балқыған жан-жүйесі кетеді иіп.

Айтылды «Сырымбет» пен «Қанат» талды.  
Сұлу ән жүрек сырын сан ақтарды.  
...Кенеттен  
Кіріп келді почташы қарт,  
Жұрт оған аң-таң болып қарап қалды.

— Жүрісің тым сұyt қой, жарқыным-ау,  
Біреудің ап кетпегей алтынын жау.  
Суық сөз сыпсың қақты ауыздарда,  
Думанның не бол кетті арты мынау?!

— Қара қағаз?!.  
Ал, жұртым, азырадың,  
Жазықсыз жара түсті-ау жаныца мың.  
— Берік бол, Разияжан, бұйрық солай,  
Сынбағай шайқалса да шаңырағың.

Қарлы үн көздің жасын бүркүратты,  
Әкетті мұңға көміп құм-қыратты.  
Ұыздай келіншектің жоқтау зары,  
Адамның сай-сүйегін сырқыратты...

## **Салық шал**

**Мұлгиді қысқы түннің айлы аспаңы,  
Тынығып ешкім әлі жайласпады.  
Талқылап көкейкесті мәселелер  
Партбюро мажілісі жалғасты әрі.**

**Пішен жоқ, қорада қой маңырап тұр,  
Отынсыз мектеп үйі қаңырап тұр..  
Адамга ауру-сырқау жармасуда,  
Кез емес отыратын дамыл ап бір.**

**Бәрі де —  
женіс үшін,  
майдан үшін!  
Жасаған майдан үшін жайнар ісің.  
Жөнелтіп азық-тұлік, жылы киім,  
Майданмен үзілмесін байланысың.**

**Бір ауыздан шығады тарықпай үн,  
Партия айтса —  
әрқашан халық дайын.  
Болдырмасы болдырып,  
Коммунистер,  
Женілмestі жеңеді алыптайын.**

**Мәжіліс нақты жайды көп талдады,  
Әр цифр талқыланды ақпардағы.  
Еңсе езген қыындықпен күресудің  
Сызылып жоспарлары жатты алдағы...**

**Өзегі, әр қимылдың алар нәрі —  
Болған соң белгіленіп қаардағы.  
Парторг:  
Партияға өтемін дең,  
Келгенін Салық шалдың хабарлады.**

Болса да тым қысқалау көмек-қолы,  
Бақташы санамайды себепке оны.  
Кешкісін малын жайлап шығамын деп  
Жүргенде тұтек боран бөгепті оны.

Есіктен енді жайлап Сәкең міне,  
(Сынайсың қажет жерде әкеңді де).  
Қадалды жанаң біткен сұрақ болып,  
«Алпыста мұны бізге әкелді не?!»

### Сұрақ:

— Бір сауал ақсақалға берейін де,  
Бұл не сыр ұзак жүрген көмейінде.  
Өте кеш партияға кірем дейсің,  
Мұныңа сенбейін бе, сенейін бе?

### Салық:

— Осынау күн туғанда ел басына,  
Қылмыс қой қарағаным мен жасыма.  
Ол рас, көп өмірім өтіп кетті.  
Сонда да дей алмаймын:  
— Мені асыра!

Арымды қоя алады өрелеп кім,  
Келмейді әлдекім бол өле кеткім,  
Айқасқан өмір, өлім — мына шақта  
Дүниеден Коммунист бол келеді өткім.

### **Сұрақ:**

— Бас аман, болып жүрсө мәндай аман,—  
Деп тұрсың ел ісінде жанды аяман.  
Коммунист болам дейсің,  
Коммунист кім?  
Білсең айт,  
Ол тегінде қандай адам?

### **Салық:**

— Коммунист — ар-ожданым, жарық төрім,  
Күш-қуаты — сарқылмас халықта оның.  
Болат қаңжар секілді алмас жүзді,  
Қас дұшпанның шығатын жарып торын.

Сұраймын партбюроның қабылдауын,  
Болғанмен жасым егде, жаным — жалын.  
Откенмен алпыс өткел кәрі емеспін  
Жігіттің сын көтерер бабында мын!

Көз көрді, кекіректе сенім қалды,  
Жұрт құптар арына шыя табынғанды.  
Партбюро мүшелері қол көтеріп,  
Салық шал партияға қабылданды.

### **Қыындықпен бетпе-бет**

Соғады үйтқып боран шыр айналып,  
Аязбен құмды ауылды сынай қарып.  
Тоқтамай бұл бетімен қыса берсе  
Арық мал көтеремнен құлайды анық.

Қанша күн қыспен адам арбасқалы,  
Арасы кей үміттің жалғаспады.

Ашықты-сирек ауыл адамдары  
Үстінен тып-типыл қып қар басқалы.

Азығы қысқа жиған тамамдалды,  
Күтқару керек енді адамдарды.  
Қарыс жер үйлерінен шыға алмайды,  
Түзету қажет мынау жаман халді.

...Сұрланған сиықсыз маң тым үрейлі,  
Фермада жадау сиыр мөңгірейді.  
Бақташы Салық шалда пішен бітіл,  
Кемпірі:  
— Қайтеміз? — деп еңірейді.

...Адамды шыдатар ма құса мына,  
Қысылған қыстың қатал құшағына.  
Көктемде бұзаулайтын жалғыз сиыр  
Ілінді Сағи қарттың пышағына.

...Тұн болса жұрттың көзі ғлінбекен,  
Жер бетін қара сұық тілімдеген.  
Төбелер солқ-солқ етіп  
Алыстағы  
Үнінен зеңбіректің дірілдеген.

Жүрсе де оқтан ғана құламай жан,  
Шайқасқан қыныңдықпен бұ да майдан.  
Аяз, аштық, аурумен қабаттасып,  
Эл кетіріп барады тұла бейдан.

Тірі жанды қорлаған асты қылық,  
Тобе астынан сыңсиды қасқыр ұлып.  
Долы боран үрей сап ышқынады,  
Тұн қабағы тұнере тас түйіліп.

Өлмеу керек адам мен қоғам малы,  
Қыс жыртқыштай әзір тұр тонауға әні.

Осыны ойлап төңбекшіп, үйкітай алмай,  
Төсегінде Әдемі он аунады.

Әлі біраз уақыт бар таң атуға,  
Қыскы ұзақ түн сағатты санатуда.  
Таңмен бірге Әдемі қомға тығып,  
Шығады алып сапарға Қанатын да.

Кенжесі ғой осы үйдің Қанат ұлдан,  
Тезімді боп суыққа жаратылған.  
Төзетін де жөні бар аязыңа —  
Ол батырды боранды дала туған.

Бал-бұл жанып жүзінде ойнап ұшқын,  
Сол айтардай шешімін ойлап істің,  
Президиумға ресми сайланбастан  
Отырады төрінде жиналыстың.

Еш нәрседен, ешкімнен қысылмайды,  
Мәжілісте мәселе ұсынбайды.  
Ақ мамасын үйкітайды сорып қойып,  
Анда-санда танауы пысылдайды...

Жұбайлар таң сәріден жолға шықты,  
Бағыты — сиыр ферма.  
Ол — қашық-ты.  
Малға да, адамға да қатер тәнген,  
Мұндайда паналяуға болмас ықты.

Ақ түтек көз аштырмай сабалайды,  
Тентек жел сақ-сақ күліп табалайды.  
Құлаққа шалынды, әне, еміс-еміс,  
Маң төбет қар астында абалайды.

Таң қалды иттің бұлай үргеніне,  
Тап болды,

**Қар жамылған ірге, міне.  
Бораннан буырқанған бой тасалап,  
Ит екеш, ит те жерге кіргені де.**

**Болды енді бәрі-дағы түсінікті.  
Мұндайға төзе алар тек кісі мықты.  
Табиғат жекпе-жекте Салық шалды  
Бұл жолы қармағына түсіріпті.**

**Мен неге қарап жатып өлемін деп,  
Сарлықтан пішен тартып келемін деп.  
Боран еш саябырлар болмаған соң,  
Түс ауа түйеменен жөнедім кеп.**

**Біртенді артып алдым басып тұрып,  
Барады күш кешкіріп асықтырып,  
Қырсыға қарлы боран құтырынып,  
Қойғаны аттам жерді қашық қылып.**

**Қара атан, бір өзінде бар тілек деп,  
Келемін бүйдасынан тартып ептең.  
Ышқына боран ұйтқып соққан кезде  
Құлайды омбы қарға тәлтіректеп.**

**Қар мұлде жүргізбеді, қалың тіпті,  
Тенді ауган түзеймін деп әлім бітті.  
Содан соң тенді шешіп, бөлек буып,  
Сүйредім шөмелे қып жарым жүкті.**

**...Әрі қарай Салық сөзін айта алмады,  
Бір жауап сұраққа да қайтармады.  
Көп жатты өрт кызумен сандырактап,  
Еңбеккер осы ауылдың майталманы.**

Төкнек боп жолаушының жылы қанын,  
Есітті топ қасқырдың ұлығанын.  
Шамасы осы жер ме деп ойлады  
Жем болып жыртқыштарға құрығаным.

Шықты эне ырылдасқан қасқыр үні,  
Берілер қамалады аттылыны.  
Кес-кестеп Әдемінің жолын бөгел,  
Бората қар кесегін атты бірі.

Дәу арлан әзірленді атылғалы,  
Қимылда, Әдемі, енді батыл, қане!  
Шешеді, не де болса тағдырыңды —  
Қарасын осы арланның батырғаның.

Түрі жок Әдемінің күйінетін,  
Қарады жыртқыштарға түйіле тым.  
Он алты жасқа дейін қыз күнінде  
Ол тегі жігіт болып киінетін.

Деген сөз естілмесе осал еді,  
Қызға да ер деп атақ қосар елі.  
Додаға еркін түсіп жігіттерден  
Қекпарды тартып алған осы Әдемі.

Ал, қане, кешікпе енді жанды корға,  
Жіберме жыртқыштарды қанды жолға!  
Ағытып Әдемі оң жақ таралғыны  
Үзенгіні мықтаң үстап алды қолға.

Құланы тебінді кеп алға аттырып,  
Арлан да секірді атқа андан тұрып.  
Әдемі қақ тұмсықтан дәлдеп ұрып,  
Тастады дәу бөріні қар қаптырып.

Әдемі айқайға сала берді,  
Үрейін бөрілердің ала берді.

**Салақтап ұзын тілі көкжал арлан  
Аузынан қан сорғалап қала берді.**

**Сезгендей қуат-күшті кісідегі,  
Құла ат та емеурінді түсінеді.  
Ажалдан құтылдық біз дегендей бол.  
Жануар күмбір-күмбір кісінеді.**

**Салт атты ұзап жолы алыстады,  
Басталды, міне, ауылдың таныс маңы.  
Бірақ та құлағынан кетпей қойды  
Ұлыған бәрілердің дауыстары.**

**Әдемі ферма аймағын аралады,  
Құтыра қар бүркүде боран әлі.  
Таң ата ілесіп келді көрші ауылдың  
Күректі қолға ұстауға жарағаны.**

**Осылай бір женен жұрт қол шығарды,  
Намыс пен қындықта ар сыналды.  
Қоя ма көп жабылса,  
Кешке қарай,  
Мал-жанды қар астынан аршып алды.**

**Өзінің бауырындаі сеніп келген,  
Разы бол Әдемі жүр серіктеге.  
Қанатты сонда барып есіне алды  
Емшегі шым-шым етіп деріткенде.**

**Қанатжан!  
Шыдал бақтың, қарашибілім,  
Сен әзір білмейсің ғой дала сырын.  
.. Сәлден соң тоят алып жатты сәби  
Аймалап мамық төсін анашының.**

## Майданға көмек

Көмек керек,  
Майданға,  
Жауынгерге,  
От шайқаста жапыра жауын жеңген.  
Көмек алса қуанаар қайрат бітіп,  
Мынау бұйым екен деп ауыл берген.

— Бір аяқпен атып-ақ жүр ғой таңым,  
Бұл үлестен қалайша құр қайтамын.  
Жоқ аяқтан бар аяқ киген жоқ,— деп  
Салық әкеп тапсырды сұр байпағын.

— Солдат бауырым, жүрмесің қыста тоңып,  
Деп көмекке берді де қысқа тонын,  
Қалтасына хат жазып салды Абзал  
Мағынасы былайша қысқаша оның:

«Ардақты, солдат бауырым, жан інімсің,  
Сен менің қеудемдегі жалынымсың.  
Сол жалын жорықтарда сұымасын,  
Лапылдал жүрегінде жанып жүрсін.

Азамат соғысының жылдарында,  
Бұл тоңды киіп, Нарын құмдарында.  
Әлтіре қан жоса қып соққы бергем  
Ақ банды Анохиннің сұмдарына.

Қөзімдей ескерткішке сақтап келгем,  
Құр босқа екен деме мақтап берген.  
Жорықта жеңістерге қолың жетсін,  
Маған да осы тоңмен бақ тап келген.

Бұл тоңды —  
Кім ұнатса, сол алсын деп,

Жолдадым батыр жігіт боларсың дей.  
Талқандап гитлершіл жендеттерді  
Аман-сау туған елге оралсын деп».

Осылай көмек кетті түздеғігे,  
Әр тілек өз бағытын іздеді де.  
Біреулер құмартшықтың талқанымен  
Жөнелтті қарындағы сұзбені де.

## Суық хабар

Фарышбектен қанша күн хат келмеген,  
Қан майданда басқа не тап келмеген...  
Ата-ана жүр күресіп қындықпен  
Талай-талай сапарда ат терлеген.

Тағдыр тоңы оп-опай бұзылмайды,  
Таусылмайтын бұл неткен ұзын қайғы.  
Кісі өлген үй жанында адам түгіл,  
Жоқтау айтып қурай да ызындаиды.

Ку тағдырға еңкейте табындырып,  
Көл-кесір қып көз жасын ағылдырып,  
Іздеп тапқан әр үйді «қара қагаз»  
Қара киім кетеді жамылдырып.

Боздағымен жатса да қоштасып-ақ,  
Жыртық көніл жүрген жок босқа шыдап.  
Кетерілді, әнекей, қыр астынан  
Кей біреудің жүзінде жалын-ұшқын.

— Почта!  
— Почта?  
Осы бір сағынышты үн,  
Кер шолағын тепкілеп пошташы карт.

— Ой, құдай-ай!..  
Жақсы ат па, жаманат па,  
Тағы кімнің, сүм фашист қанын іштің?!

— Ал, Эбеке, кетемін сүйіншінді ап,—  
Дәуреновке пошташы ұсынды хат.  
Хат ашылды,  
Келгенін сұық хабар  
Кескінінен Абзалдың түсінді карт.

Оттай ыстық сағыныш сұныпты,  
Болса-дағы ерліктің туы мықты.  
Жаңбыр жауып өткендей ақ қағазға,  
Көз жасымен хат жолы жуылыпты.

«Бейтаныс менің қазақ бауырларым,  
Түсінем қасіретінің ауырларын.  
Фарышбек опат болды Отан үшін,  
Ер қаза бұйыртпады ауыл дәмін.

Бірі боп қан майданда еңселінің,  
Ақтады Фарышбегің ел сенімін.  
Ұрыс сап жаудың басым күшіменен  
Алысты арыстанша ер серігім.

Өзімнің бірге оқыған дос-қыраным,  
Бұрқаған ел кегіне қосты ұранын.  
Шайқаста жалғыз қалып,  
Жау тобынан  
Коргады көк аспанын Москвандың.

Дүшпанға қанды қанмен төлем еткен,  
Көргендер қайран қалды кереметке.  
Жаудың бес самолетін құлатқан соң,  
Ататұғын оғы бітті пулеметте.

Демеді сонда батыр:  
— Өлім төнді,  
Соғуға жау құзғының бейімделді.  
Винтпен құйрық тұсын қып өтіп,  
Тағы бір жер қаптырды «Хейнкельді»<sup>1</sup>

Жанды өзі.  
Аяқталды сонда жорых,  
Бірақ та қалмады ол жолда қонып.  
Лапылдан жетті-дағы жау-орданың  
Жарылды дәл үстінен бомба болып.

Мен Сізді ойламаймын жасиды деп,  
Батырдың ерлігіне бас иді көп.  
Бұл хатты оқырсыздар жаспен жуған.  
Жан досы Farышбектің —  
Василий деп».

Сүм ажал салды жанға жарақатты,  
Шешті де ақ халатты, қара жапты.  
Абзалдың көз алдынан тұмандана,  
Бар маңай бозаң тартып бара жатты.

## Шешім

Тулады өлке жау бізден тартып алған,  
Кастандықтың айналды арты қанға.  
Шашын жайып сыңсыды ақ қайындар,  
Ақ денесін от-жалын шарпығанда.

Көбелектер безінді гүлдерінен,  
Саршұнақтар жаңылды індерінен.  
Жетім бебек жатырқап жат құшақты,  
Жылағаны көбейді күлгенінен.

---

<sup>1</sup> «Хейнкель» — неміс бомбардировщикі.

Бұл қорлыққа бас иіп төзбейді елім,  
Мынау дарқан өлкемді кезбейді өлім.  
Ер еңбекпен есейген халқым менің  
Болашақтың төрінен көздейді орын!  
Әдемі ойдан қызынып, сұнады,  
Ыстық жаспен кірпігі жуылады.  
Еске түсіп кеткенде Ғарышбегі  
Ашы қайғы қолқасын сұрады.

Ана көңіл аңырап жұбанбайды,  
Таптаған соң еңсесін тұман-қайғы,  
Батпан жүкті иықтан аудармақ бол,  
Дүр сілкініп алады қырандай бір.

Қасіретке тұнса да жүрек толып,  
Тас қияға алғандай түлеп қонып.  
Қабырғасы қайысқан ауыл-елге  
Тұру керек сүйенер тірек болып.

Ойлар қинап жатқанда ашындырып,  
Мойнына кеп бір жарқын асылды үміт,  
Үнсіз жатқан Әдемі төсегінде  
Күйеуіне тіл қатты басын бұрып:

— Тындашы, Абзал, лұпілін жүргегімнің,  
Мен еңбекпен өмірді сүйе білдім.  
Сондағы бар жиганым-тергенімді —  
Кажетіне жаратсам ұлы елімнің.

Қырық айналған басымды қыскы күнде,  
Тұп қазығын бір ойдың үстадым мен.  
Хат жазайын деп едім Кремльге,  
Колбасшымыз — Иосиф Сталинге!

— Сталинге?!

— Иә, тұра Кремльге!

**Бағалар да мұнымды біле-білген.  
Отан қорғау қорына қаржы беріп,  
Өтінішімді жолдаймын жүргімнен.**

**Сол қаржыға самолет жасаттырам,  
Көкке самар жауынгер жасақ құрам.  
Құрбандардың құны үшін фашистерді  
Көкте, жерде қан-жоса қасап қылам.**

**Сол қалады соңымда мұрам болып,  
Сол ерлікті шаттана тұрам көріп.  
Фарышбегім орнына самолетпен  
Василиім үшады қыран болып.**

**Келді осылай қос жұбай келісімге,  
Қолданушылар көп болды ел ішінде.  
Жақын-туыс, ауылдас даяр тұрды  
Мынау ауыр салмақты бөлісуге.**

**Уақыт қайда жиналар айлап жүріп,  
Қара бастың қанын қой, пайданды ұмыт!  
Алды Әдемі қолда бар мал-мұлікті  
Көп кешікпен ақшаға айналдырып.**

**Уа, тағдыр,  
Салған басқа,  
Міне, зілің,  
Жетер ме қаражаты бір өзінің.  
Алдымен келін болып түскен жылғы  
Откізді дүкенге алтын білезігін,**

**Емес пе нағыз байлық — адал ісің,  
Құмарың адап іспен қанары шын.  
Сатылып желідегі жорға бие  
Базарға бірге әкетті жабағысын.**

Қуанып, деді Әдемі:

— Қайран, жорғам!

Ел үшін кәдеге асшы ойран болған.

Сатылды айшық мүйіз қызыл сиыр

Жаз бойы шай қатық пен айран болған.

Жеткендей қолын созып тілегіне,

Құлпырды Әдеміңің нұр өңінде.

Базардан бәрі-бәрі пұл боп қайтты;

Осы үйдің текеметі, кілемі де.

Бойында жігер, талап асқақ тегі,

Ерлік іс Әдемі өзі бастап берді.

Содан соң көрші-көлем, туыстардан

Көмекке тайлак, тана, баспақ келді.

Сонынан Әдеміңің ергендер бар,

Жемісін еңбегінің тергендер бар.

Майданға, Отан қорғау қорына деп,

Жинақтап қаржыларын бергендер бар.

Баршаны, қуандырар, астананы,

Аупартком мақұлдады бастаманы.

Мадақтап газеттер де жазып жатты,

Іс деп бұл өнегелі, асқаралы.

\* \* \*

Қажет түйін табылды, отырыс не,

Алғаннан соң шешімді тоқып іште.

Тебірене Әдемі былай деді

Кремльге жолдаған өтініште:

«Партияға сертімнен таймадым шын,

Жауға деген ызадан қайнап ішім,

Бір жұз жетпіс бес мың сом қаржы бердік,  
Тездесін деп жеңісті,  
Майдан үшін.

Бір самолет осыған жасалынын,  
Білсін дұшпан біздің күн асарын шың.  
Жаудырылсын бомба, оқ тәбесінен,  
Басқыншының аяусыз басы алынын.

Жасалсын ол жауынгер жақсы ұл үшін,  
Жаңын қияр шайқаста бақ сыны үшін.  
Сол самолет ер жүрек үшқышымыз —  
Иванов Василийге тапсырылсын».

\* \* \*

— Телеграмма!  
— Қай жерден?  
— Кремльден,  
Аупарткомның хатшысы күле кірген.  
Мұндай хабар тегінде оқылмай ма,  
Көзбен емес,  
Жаныңмен,  
Жүрегіңмен.

Куанаңың қалғандай ұстазың кеп,  
Болғай-дағы осындай тұстарың көп.  
«Тілегіңіз толықтай орындалады»  
Хат соңына қол қойған:  
Сталин деп.

Осылайша Әдемі жасады ерлік,  
Куанышын жұртына шашады енді.  
Жалғыз парак қағазды  
Өрекпіген  
Ыл-ыстық көкірегіне баса берді.

## **Хаттар, хаттар...**

Хат кепті негып жаңа байқамадық,  
Әр хабар бір жаңалық айтары анық.  
**Хаттарды қоржын толы**  
**Әдеміге**  
Келеді почташы қарт арқаланып.

Украин, орыс, қыргыз, түрікпеннең,  
Тұп-тура адресті біліп келген.  
Әзіrbайжан, өзбек те қуанынты  
Осындай қыз туды деп сүйікті елден.

Бір жас солдат:  
— Сүйікті ана! — депті.  
Қамқорлығың біздерге пана,— депті,—  
Сенің абзал атыңмен ант етемін,  
Қан қылуға басқыншы қара бетті.

Тагы бір хат осымен қатар кепті:  
— Сәлем саған, аяулы апам,— депті.  
Шабуылға шыққанда бірінші оқты  
Өзің болып жауымса атам,— депті.  
  
— ‘Құрбымысың, атың да әдемі екен,  
Шын жүректен өзіңе сәлем етем.  
Демім бітер ең соңғы шақ туса да,  
Бір фашисті сен үшін ала кетем!..

Деп біреулер әзілмен қағытады.  
Біреу сырын жүректің ағытады.  
Әдемінің майданға көмегі үшін  
Жауады кеп алғыстар тагы, тагы...

## Орман үстіндегі ойран

Шабуыл...

Боялуда қанға дала,  
Дамыл жоқ беретүғын жаңға дауа.  
Сөйлейді буырқана бүйрық айтып,  
Ысқырған снаряд пен бомба ғана.

От бүркіп, аһ ұрады алқына маң,  
Азабын ажал, бейнет тартып адам.  
Жер бетін дүр сілкіген жарылыстан  
Қара орман қалш-қалш етіп қалтыраған.

Шақ еді Қызыл әскер атойлаған,  
Жарқылдаپ алмас қылыш, ат ойнаған.  
Арасы жер мен көктің тұтас майдан,  
Мұндайда мерт болады қате ойлаған.

Шықты әне қызыл жалқын орманнан өрт,  
Болады жауын аяп қалғандар мерт.  
Ұшқыштар эскадрилиясы бүйрық алды:  
— Жердегі шабуылды қолдандар! — деп.

Жеті «Як» көтерілді көк төсіне,  
Келеді бес «юнкерс» беттесуге.  
Василий біріншісін қуып жетіп,  
Қадады ажал оқты «өкпесіне».

Оқ тиген дәу «юнкерс» жанды лаулап,  
Төңбекши тәңкеріле алды да аунап.  
Шұбалтып құйрығынан қара тұтін  
Құлдилап төмен қарай кетті заулап.

Дегенше-ақ әлгі құзғын құлады енді,  
От шаша құңірентіп құла белді,  
Орманың ар жағынан бір мезетте  
Он сегіз «Мессершмитт» шыға келді.

Мұндай жай бастан бұрын өткен емес,  
Жау басым,  
Немен тынар көктегі егес?  
Дұшпанға естен танарап ойран салса,  
Ұшқыштар «Як-тарына» өкпелемес.

Василий қуанышты және бүгін,  
Деп үшқан: машинама дәмелімін.  
Самғатқан оны көкке қырандайын  
Жасатқан самолеті Әдемінің.

Сақтады түкпірінде ол санасының,  
Жұпталған қос тілектің жарасымың,  
Сезінді тап осы сәт отыргандай  
Ып-ыстық құшағында анасының.

Бұл сезім жүрегіне от береді,  
Ал тағдыр — қыын-қыстау өткел еди.  
Байқамай жүре ме еken жердегілер,  
Намыстың шыны еken ғой  
Көк дегені!

Жердегі біздің жаяу бөлімшеге,  
Құзғындар шүйілуде өлім себе.  
Оларды өріс бермей өртеу керек,  
Тап болып қай тұсындан көрінсе де.

Бұл нағыз сынға түсер жер емес пе,  
Василий бастап ұшты ер егеске.  
Суворовтың:  
«Софыста сан жеңбейді,  
Жігерлі жан жеңеді!» — дегені есте.

Эфирде үн естілді нық бұйырған:  
«Дұшпанға тап береміз тұтқылдан.  
Ушеуің «юнкерске» үмтүлдындар,  
Ешқандай сәт болмасын оқ тыйылған!»

Бұйрығын Василийдің кім теріс дер,  
Бел алар батылдықпен үлкен істер.  
Оққа ұшып, орман жақта омақасып,  
Бұрқ етіп жанып жатты «юнкерстер».

Қашуда «Мессершмитт» қорғалақтап,  
Сенімді шықпасы анық қалғаны актап.  
Киылған топшысынан жапалақтай,  
Әнекей тағы түсті қалбалақтап...

Осылай аяқталар ер іс деген,  
Оралды жеті батыр жеңіспенен.  
Құлатып жауды жеткен биігінен  
Еңсесін жермен-жексен тегістеген.

Көтерген алып жүгін, ғасыр жүгін,  
Ерліктің иығына асылды күн.  
Амалсыз ата дүшпан мойындағы  
Советтің аспанда да басымдығын.

Бөлеген мақтанышқа түгел жұртты,  
Газеттер жария етті бұл ерлікті.  
Құйылыш әлем үні бір ариға  
Деп жатты:  
— Ленин елі — ұлы ел мықты!

## Көрісу

Өмірге ынтық қайдасың деп батыл жан,  
Армандайын қолын бұлғап шақырған,  
Күміс шапақ көктем таңы көмкерген  
Жап-жасыл бол желеңтеніп жатыр маң.

Міне енді алтын кірпік күн шырып,  
Таңмен бірге оянды бар тіршілік.

Әдемі де жайғап тастап үй-жайын,  
Аттанады алғы істерге құлшынып.

Үйқысынан Қанат та ерте тұрады,  
Былдырлайды бейне таудың бұлагы.  
Анау алай, мынау неге бұлай деп,  
Тәтті тілді таусылмайды сұрағы.

Күмістейін сыңғырлаған сырлы үниен,  
Аузын ашса көмейінен күн күлген.  
Оның кейін әке жолын мұра қып,  
Хирург бол шығатынын кім білген.

Ерттеулі дайын еді ат та енді,  
Осы сәтке бір тосын жай тап келді.  
— Мама, көрші Farышbektі,— деп Қанат  
Төрде ілулі суретті ап берді.

Суретке сағынышпен тесіле  
Көз салды да,  
Алды Әдемі есіне.  
Farышbegім тұған бүгін,  
Ендеше  
Жар салмастан қарап тұрмын несіне?!

— Ау, әкесі-ау, не сезесің түрімнен?  
— Еш нәрсені көре алмадым бұлінген.  
— Ендеше еске ап, мені қазір құттықта,  
Farышbekке ана болған күніммен!

Деп әзілдей бергені де сол еді,  
Tiер-ау деп қам көңілге көмегі.  
Көрші ауылдан бар дауыспен бір бала,  
— Женіс! Женіс!— деп жар салып келеді.

Мынау хабар сезім селін сапырды.  
— Да, халайық!

Құттықтаңдар батырды!  
Ауыздардан қуанышты осы сөз —  
Шампандардың тығынындаі атылды.

Бала артынан бір топ атты көрінді,  
Барша көңіл солай қарай белінді.  
Ортасында келе жатыр жас жігіт  
Орден, медаль жарқыратып өнірді.

Ал Әдемі!  
Қарсы ал, қане, жай құшак,  
Құсың келді аспандағы ай құсан.  
Мына жігіт — үшқыш батыр Василий,  
Бастан кешкен болсын енді қайғы сап!

— О, Василий!  
— Асыл анам, сүйіктім!  
Қыран-анам, мәртебесі биік тым.  
Алыптардай жерге тапап ездерді,  
Ер өмірге еңсе берген нықтым!

Оттай ыстық айқасты кеп құщақтар,  
Шар тарапқа қуаныш ап үшты аттар.  
«Әдемінің ұлы келді!» — десіп жұрт,  
Үйқыдағы дүр сілкінді қыстақтар.

## Эпилог

Қарал тұрсаң құмды ауыл бейнесіне,  
Оралады балғын шақ кейде есіме.  
Сағынышты үн биікке қанат қаққан,  
Қонады кеп домбыра пернесіне.

Сол ауылдар бұл күнде қала сынды,  
Тамашалап бір емес, барасын мың.

**Адамдары бақытты, еңбек сүйгіш,  
Арманындаған аңсаған анашымның.**

**Кызыл тілде көмейі бұлкілдеген,  
Жігіт болып ер жеттім бұл күнде мен.  
Талай жылдар толғандым азам жайлыш  
Белгілі ғой тумасы бір түнде өлең.**

**Сағындырған аناшым — әнім еді,  
Ана өмірі не деген тәлім еді.  
Түйе үстінде сонда айтқан бесік жыры —  
Тербетеді бейуақыт әлі мені.**

**Ана есімі жүректе шаттық әні,  
Құшағында арайлы бақ тұнады.  
Алақаны аялы  
Алтын бесік,  
Ана біткен —  
Өмірдің ак бұлағы.**

**Менің де азам аяулы,  
Қасиетті,  
Қыын-қыстау жолдарды басып өтті.  
Отан үшін шайқаста отқа түсіп.  
Елмен бірге көтерді қасіретті.**

**Отан-ана,  
Жер-ана,  
Менің азам!  
Бастау қылды табиғат сені маған.  
Сенде мәңгі сарқылмас күш-қуатым,  
Сеніменен қынды жеңіп алам.**

**Қырағы азам, о, менің, қыран-анам!  
Тар жол, тайғақ кешуде құламаған.  
Сын сағатта биікке самғау үшін  
Жанат бер деп тағдырдан сұрамаған.**

Ана даңқын өтіпті қорғамай кім,  
Ол сарқылмас кемерге толған айдын.  
Ана десем келеді көз алдыма  
Шыңғыс жазған бейнесі Толғанайдың.

Іздеп келдім мен бүгін анашымды,  
Осы өлкеге іс қылған жарасымды.  
Әзіз анам емес пе деп қаламын,  
Құм жолынан көрсем бір қарасынды.

Төбе құмдар!  
Жал құмдар!  
Сары шағылдар!  
Сені ансаған жыр келді,  
Карсы алындар.  
Ауылыңың аяулы абзал қызы —  
Анам жайлы әлемге жар салындар!

Жар салындар, айтындар анам жайлы;  
Анам менің елеусіз қала алмайды.  
Қарапайым қазақтың қара қызы  
Әбден лайық болуға әлемге әйгі!

Солай дейді,  
Жан ана, бүгін менің,  
Жан-жүрегім,  
Жырлаған тілімдегі үн.  
Өшпейтүғын рухынмен қайта оралып,  
Болашактан сен маган күлімдедің.

Мейірімің —  
Мөп-мөлдір ашық аспан,  
Өрге жүзіп, өнеген асу асқан.  
Саған деген мәңгілік махаббаттың  
Ескерткіші, аяулым,  
Осы дастан.

## МАЗМҰНЫ

Сұлулыққа күштәр жүрек . . . . .
Шақырады көкжиек . . . . .
«Кезегімен тағы да...» . . . . .
Даңқ ескерткіші . . . . .
Мектеп. Үстаз . . . . .
Минут . . . . .
«Кіріспей жеделдетіп...» . . . . .
Көңіл айту . . . . .
Сагыныш . . . . .
«Ақын — қыран...» . . . . .
Пушкинге . . . . .
Шабыт . . . . .
«Бір ғажан...» . . . . .
«Ашқан сайын...» . . . . .
«Сен жокта...» . . . . .
Алтын ұям . . . . .
Ата мұраты . . . . .
Сенім . . . . .
«Қоштасқанда...» . . . . .
«Койдай иіріп...» . . . . .
Досқа тілек . . . . .
Жеңгеге . . . . .
«Көңілдің оты...» . . . . .
«Қауіпті — құздан құлар...» . . . . .
«Сурылып сөйлеп...» . . . . .
«Сен — теңіз...» . . . . .
«Койған бір ағын...» . . . . .
«Жыр оқышы...» . . . . .
«Жазылмаған әлі де...» . . . . .
«Мақпал мінезд...» . . . . .
«Жүк көтермей...» . . . . .
«Бар менің намыс атты тас қайрағым...» . . . . .
«Шын достық...» . . . . .
«Сынадым, соның...» . . . . .
«Ылғи менің көңілімде...» . . . . .
«Отырмын үнсіз...» . . . . .
«Жаңымның бердім саған...» . . . . .
«Жарастықтың...» . . . . .
«Мен үшін...» . . . . .
«Үңілемін сенің...» . . . . .
«Еріп жүрем...» . . . . .
«Кең дүние...» . . . . .
«Жоғалтам барлық...» . . . . .

Табиғат тіл қатқанда
«Қылаңдап шығыс...»
«Қалбаңдап...»
«Апрельден бастап...»
«Достар барда...»
«Аппак шындар ақша...»
«Үрғалып мынау қайындар...»
«Үзілген гүл... (Баллада)
Касиет кестелері
«Бұлт оранған...»
«Жала әуелі...»
«Бір жаманың...»
«Талмай тартып...»
Көрісейік, кел, достым
Ер — ана (Поэма)

---

**МАРАТ ИСҚАКОВ  
СИНИЕ ДАЛИ**

*Стихи и поэма*

(На казахском языке)

Редактор С. Оспанов.

Рецензент И. Исаев.

Художник В. Суховеев.

Худ. редактор Н. Бубэ.

Техн. редактор Ж. Момынов.

Корректор Б. Батыrbекова.

ИБ 2214

Сдано в набор 9.10.81. Подписано в печать 16.02.82.  
 УГ14002. Формат 70×90<sup>1/32</sup>. Бумага тип. № 2.  
 Гарнитура литературная. Высокая печать. П. л. 2,5.  
 Усл. печ. л. 3,5. Уч.-изд. л. 3,1. Тираж 3000 экз.  
 Заказ № 252. Цена 30 коп.  
 Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143. Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 15/1.

Марат Ысқақов С. М. Кирров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ университетінің журналистика факультетін, кейін Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Қазір Алматы облысы, Еңбекші-қазақ аудандық «Еңбек жалыны» газетінің редакторы.

«Сагыныш саздары», «Даркан көңіл» атты жыр жинақтары жарық көрген.

